

Тұрғанбаева Перизат Барлыбайқызы

info.pkhannazar@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «D063 – Саясаттану және конфликтология» мамандығының 1 курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Жанпейісова Қ.Д.

Аңдатпа. Мақала Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған кезеңнен бастап бүгінге дейін қалыптасқан діни ахуалды, мемлекеттің дін саласына қатысты нормативтік-құқықтық шараларын кешенді талдауға бағытталған. Дінаралық және конфессиялық саясаттың Қазақстандық үлгісінің әдістену барысы шартты түрде кезеңдерге бөлініп, әр кезеңдегі қоғамның рухани санасының және саяси-құқықтық базаның қалыптасу ерекшеліктері ашып көрсетіледі. Мақалада бүгінгі Қазақстан халқының діни, конфессиялық құрамын анықтайтын сауалнама нәтижесі талданады. 2011-2017 жылдар аралығында Қазақстандағы терроризм деңгейіне салыстырмалы анализ жасай отырып, елдегі діни-экстремистік қауіптің өсу-бәсеңдеу деңгейі мен мемлекет тарапынан іске асырылған шаралардың барысы түсіндіріледі.

Түйін сөздер: зайырлы мемлекет, дінаралық саясат, қазақстандық қоғам, конфессиялық қатынастар, ұлттық қауіпсіздік, рухаии сана, діни экстремизм, терроризм, діни ағартушылық, дәстүрлі конфессиялар, діни қызмет, діни бірлестіктер, этика.

Кіріспе.

Бүгінгі таңда әлемде дін мен оның құндылықтарының қоғам өміріндегі маңызы арта түскенін көріп отырмыз. Тарихта барлық мемлекеттер діннің моральдық және этикалық негіздерімен санаса отырып дамыды. Белгілі бір дінді ұстанбайтын адам болуы мүмкін, алайда тұтас дінсіз халық болмайды. Сондықтан, дін феноменін мемлекеттен бөлек алып қарастыру мүмкін емес. «Дінсіз қоғам – мұхиттағы компассыз кемемен бірдей» деп санаған Француздың әйгілі қолбасшысы Наполеон Бонапарт императорлық таққа отырарда француз халқына өз дінін қайтарып, діни бостандыққа рұқсат берген болатын.

2006 жылдан бері мусылмандардың Құрбан айт мерекесінің бірінші күні және православтық Рождество – 7 қаңтар күнтізбеде демалыс күндері ретінде бекітілді. Дін мемлекеттен бөлек деп жария етілгенімен, олар шын мәнінде бір-бірімен оқшауланбайды. Бұл екі тарап арасындағы қатынасты зайырлы серіктестіктің ерекше түрі деп те анықтауға болады. Полиэтникалық құрамына қарамастан, Қазақстан өзінің бейбітшілік, ынтымақтастық және толеранттылығымен бүгінде әлем елдері назарында үлгіге айналып отыр. Осы тұрғыда көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамдағы этникалық және діни идентификацияға қатысты мәселелер күрделене түсетіні сөзсіз.

Негізгі бөлім.

1. Тәуелсіздіктен кейінгі діни ахуал және конфессиялық қатынастарға қатысты мемлекеттік саясаттың кезеңдері

Қазіргі ішкі тұрақтылық пен бейбіт өмірді қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан дін және ұлттық қауіпсіздік саласына қатысты арнайы саясат жүргізілуде. Бүгінгі таңда қалыптасқан діни ахуал дінаралық шиеленістердің күрделілігі мен көп аспектілігін көрсетеді. Фрэнсис Фукуяма – американдық әлеуметтік философ, саясаттанушы 1992 жылы жарияланған «Тарихтың ақыры және соңғы адам» еңбегінде ХХІ ғасырда демократиялық принципті ұстанушы мемлекеттерде де діни шиеленістер үдей түседі» деп болжаған[1]. Дүние жүзіндегі қақтығыстардың басым бөлігі осы дін

мәселесіне байланысты туындап отырғаны баршамамызға мәлім. Оған 2019 жылдың наурыз айында дамыған және әлемдік индекстерде «ең қауіпсіз мемлекеттер» санатында алғашқы орындарды иеленіп келген *Жаңа Зеландиядағы өрескел лаңкестік айқын мысал* [2]. Қазақстан Республикасы өзінің геосаяси орналасуына, ұлттық-мәдени байланыстарына, әлеуметтік және экономикалық дамуына қатысты ғаламдық процесстерден шетте қалуы мүмкін емес. Қазақстан жүргізіп отырған конфессияаралық қатынастарға қатысты саясат Қазақстан мемлекеттілігінің дамуы ХХІ ғасырдағы жаһандық үдерістер контекстінде жүзеге асу фактісін ескеру арқылы қалыптасып келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде «Біздің этносаралық және дінаралық келісіміміздің моделі – ол әртүрлі конфессиялардың дүние жүзілік өзара әрекеттесу процессіне Қазақстанның қосқан шынайы үлесі» - деп атап өткен еді.

Бүгінгі аталып жүрген Қазақстанның зайырлы мемлекет ретінде құрылуының бастамасы ең алғаш 1992 жылдың қаңтарында жасалған болатын. Ар-ождан еркіндігіне негізделген мемлекеттік саясат саласындағы реформалар жалпы саяси үрдістерден дараланбады. Олар өз кезегінде сана, ар-ұят, дін мен наным–сенім мәселелері бойынша қабылданған негізгі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жасалынды. Қазақстан Республикасының дін саласына қатысты мемлекеттік саясатының даму тарихын шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруды ұсынамыз:

ҚР дін саласындағы мемлекеттік саясатының қалыптасу кезеңдері	
• 1992-2005жж.	Қалыпқа келтіру кезеңі
• 2005-2011жж.	Дін саласындағы мемлекеттік реттеушіліктің күшеюі
• 2011жылдан бері қарай	Құқықтық-нормативтік базаны жасақтау

№ 1 Кесте «ҚР дін саласының қалыптасу кезеңдері»

Жоғарыда аталған әр кезеңнің өзіндік саяси және құқықтық ерекшеліктері бар. Бірінші кезеңде – КСРО құрамындағы кезеңде «кұлаған үйінділерінен» ар-ождан еркіндігі мен гуманизмге негізделген ұлттық мемлекеттің үлгісін құрастыру басталды. Мұнда мемлекет қоғам өмірінің өзге салаларынан, соның ішінде Шіркеуден ресми түрде ажыратылды (секулярлық мемлекет концепциясы), енді дін әрбір азаматтың жеке ісіне айналды, бұл өз кезегінде мемлекеттік Конституцияда және ҚР «Дін тұту және діни бірлестіктер туралы» заңында көрініс тапты (1992ж.). Бұл кезеңде мемлекет тарихта жіберілген қателіктерді түзетіп, бұрынғы атеистік шақта алынып қойған рухани мұралар мен ғимараттарды қайта қолға алды. Алайда, 1990 жылдардың соңы - 2000 жылдардың басында рухани салада дағдарыс байқалып, мемлекет тарапынан қатаң бақылау жүрмей қалуы есебінен (2005 жылға дейін) сан түрлі діни ұйымдар шамадан тыс көбейіп, қызу түрде өз істерін жүргізе асыра бастады. Назардан тыс қалған бұл жағдайлар 2000 жылдың соңында ҚР Әділет министрлігінің қол астыннан Дін істері жөніндегі Комитеттің құрылуы қажеттігіне әкеп соқты.

Екінші (2005-2011жж.) кезеңде демократиялық принциптерді сақтай отырып, нарықтық стратегиялардан бастап, қоғам өмірінің барша салаларында мемлекеттік реттеушілік күшейе түсті.

Ендігі кезекте мемлекет әлеуметтік және саяси құрылымның тұрақтылығын сақтап қалу мен елдегі конфессияаралық келісімнің атмосферасын түзеу мақсатында ықпалды діни бірлестіктермен қарым-қатынасын нығайта түсті. Таяу шетелдегі діни экстремистік ұйымдар қызметінің күшейтілген беталысына (Өзбекстанның Исламдық қозғалысы, Хизб-ут-Тахрир, шығыс Түркістанның Исламдық қозғалысы және т.б.) қарсы тұру үшін 2005 жылдың 18 ақпанында Қазақстан Республикасы «Экстремизмге қарсы әрекеттер қолдану» заңын қабылдады. Жоғарыда аталған екі кезеңде өзгертулердің жалпы векторын кеңестік

индустриалдық қоғамнан жаһандану барысындағы бүкіләлемдік постиндустриалды дәуірге дейін ұластырушы болды. Жалпы, ХХІ ғасырдың басы Қазақстан үшін азаматтық қоғам мен мемлекеттік билік арасында діни мәселелердің жалпы портретін бағалауға қатысты нақты үйлесімдіктің жетіспеуімен сипатталады. Бірінші кезең салыстырмалы түрде позитивтік акциентпен сипатталса, ал екіншісінде мемлекеттің ар-ождан мәселесіндегі жалпы бағыттарына қатысты сенімсіздіктер мен күмәндар әлсін-әлсін айқын айтыла бастады. Ірі, дәстүрлі конфессиялар белгілі бір деңгейде ұжымдық идеология ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан дәстүрлі діни бірлестіктердің атқарар рөлі орасаң зор. Төменде ҚР БҒМ 2014 жылы «Қазақстандағы діни жағдай және жастардың діни сана-сезімін жандандыру процестері» әлеуметтік зерттеу жобасына сәйкес жасалған аналитикалық есеп ұсынылады [3].



№ 2 Кесте «Сіз қандай дінді ұстанасыз?»

Сауалнамаға түрлі аймақтардан келген жастар (16-29 жас) қатысты. Респонденттердің 75% -ы қазақтар болса, ислам дінінің үлесі басым (78%) болары табиғи. 20% орыс ұлтының өкілдері болып табылады, осылайша, славяндардың дәстүрлі сенімі православие екінші орында (16%). Католицизм және протестантизм өкілдері тек 3% құрады. Сауалнамаға қатысқандардың 3%-ы аталған негізгі діндердің ешқайсысына жатпайтын, өзіндік діни сенімі бар азаматтар.

«Ислам» жауабын таңдаған респонденттерге олар исламның қай бағытын ұстанатыны туралы сұрақ қойылды. Сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі өздерін сунниттер (57%) деп санаса, 46%-ына бұл сұраққа жауап беру қиынға соқты. Ескеретін жайт: аталмыш сауал ашық сұрақ түрінде болды, сондықтан респонденттердің айтарлықтай саны белгілі «көмексіз» жауап бере алмауы мүмкін және бұл олардың «суннизм» бағытын ұстанбайтынын білдірмейді. Дегенмен бұл көрсеткіш халықтың басым бөлігі әлі де діни сауаттылық тұрғысынан құзыретті емес екенін айқындайды. Мазһабқа қатысты сұраққа 12%-ы ресми бекітілген «Ханафи мазһабын» белгілеген. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылар арасында 1% «радикалды емес», «суфизм», «ахмади», «салафизм» деген жауаптар болған.

Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде орныға отырып, азаматтық қоғамның қалыптасуының алғышарттарын жасады. 1992 жылдың өзінде «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң [4] қабылдады. Ол өз кезегінде мемлекеттік – конфессионалдық байланыстардың құқықтық негізіне айналды. Қазақстан мемлекеттік конфессионалдық саясаты жүргізу барысында қоғамның басым бөлігінің, соның ішінде дінге сенушілердің де, сенбеушілердің де қажеттіліктерін ескеріп, олардың өтелуіне мүмкіндік жасады. Қазақстанда жылдар бойы этносаралық және дінаралық келісімнің тұрақты моделі қалыптасқанымен, ол мемлекет, азаматтық қоғам, оның ішінде діни бірлестіктер тарапынан үздіксіз бақылау жүргізіп отыруды қажет етеді. Осы кезекте,

Қазақстанда дінаралық қатынас орнатудың келесідей негізгі принциптері бар:

1. ҚР Конституциясы мен заңдары ар-ождан бостандығы мен діни сенімді қорғауға кепілдік береді. Конституция діни, этникалық және басқа тұрғыдағы кемсітушіліктерге тыйым салады. Еліміз маңызды халықаралық келісімдер мен адам құқығына қатысты шарттарға, оның ішінде БҰҰ-ның негізгі халықаралық келісіміне (пакт) қосылды. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа Заңы Президент Н. Назарбаевтың айтуынша: «...діни бірлестіктердің статусы мен қызметін нақты регламентациялау жолымен жаңартуға бағытталады және тиісті құқықтық шектеулерді бекіту үшін, сонымен қоса, қазіргі заманғы үрдістер мен тенденциялар ескерілген конфессия аралық қатынастарды реттеуде мемлекеттік органдардың жүйелі жұмысын анықтау үшін қабылданды.» [5]

2. Мемлекет конфессиялардың өз қызметтерін жүзеге асыруы үшін тең және қолайлы жағдай жасайды. Қазақстан халқының басым көпшілігі өздерін мұсылман санағанымен, басқа діни сенім иелерінің толыққанды іс-әрекет жасауына кедергі келтірмейді. Бүгінде православиелік, католиктік және протестанттық қауым саны 2000 жылдардың басымен салыстырғанда артқан. Сонымен қатар, иудей және буддистік ұйымдар да өз қызметін жасауда.

3. Мемлекет саясатының маңызды бағыты ретінде дінаралық диалогты атауға болады. Президент Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы ұйымы тек ұлтаралық емес, оған қоса дінаралық диалогтың таптырмас институты болып табылады. 2006 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі құрамындағы өкілетті орган – Дін істері жөніндегі комитет құрылды. Ал 2010 жылы аталмыш комитет Мәдениет министрлігі қарауына берілді.

2011 жылы мамыр айында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Дін істері жөніндегі комитет Мәдениет министрлігі қарамағынан шығарылып, Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігіне ауыстырылды. Осыған орай, Агенттікке конфессияаралық келісім, азаматтардың ар-ождан бостандығына және діни бірлестіктермен өзара әрекеттесу құқықтарын қамтамасыз ету қызметтері мен уәкілеті берілді. Мұндай шешім мемлекет дін саласындағы мәселелерге баса көңіл бөле бастағанына дәлел. Үкімет құрамына енді тікелей енетін уәкілетті органның статусын көтеруі пайда болатын жағдайларды сапалы әрі тез арада шешуге мүмкіндіктер береді. 2000 жылдан бері Үкімет жанында консультациялық-кеңестік орган – Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес өз жұмысын атқарып келеді. Мемлекеттік органдармен ұдайы түрде конфессияаралық келісімді жүргізу мен діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған ақпараттық-насихаттау жұмыстары атқарылады, конфессияаралық қарым қатынастарды үйлестіру мен нығайту мәселелері бойынша республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар және семинарлар өткізіліп отырады. Дін саласындағы жүйелі ғылыми зерттеулер жүргізу, мониторинг пен талдаулар жасау мақсатымен 2007 жылы дін мәселелері жөніндегі Ғылыми-зерттеу және талдау орталығы құрылды. Мемлекеттік институттардың діни бірлестіктермен: біріншіден, Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасымен және Орыс Православиелік Шіркеуінің Қазақстан Республикасының Митрополиялық округымен өзара белсенді әрекеті жүре бастады.

2012 жылы 31 желтоқсанда Заң шеңберінде елдегі діни бірлестіктер мемлекеттік қайта тіркеуден өтті. Бұның нәтижесінде, 4551 белгілі діни бірлестіктер саны, 3088-ге кеміді. Діни бірлестіктердің мемлекеттік қайта тіркеуден кейінгі жалпы санында келесілер бар: ислам – 2229, орыс православ шіркеуінің митрополиялық округінде 9 епархия, 261 приходтары, Армян-апостол шіркеуі мен 8 Көне әдет-ғұрыптар шіркеулері тіркелді. Рим-католик шіркеуінің 79 бірлестігі, иудейлердің 4 қауымы, 2 буддистік бірлестіктер тіркеуден өтті.[6] Бүгінде Қазақстан аумағында 15 діни білім беру мекемелері қызмет жасайды. Жекелей алғанда, 9 медресе, 1 имамдардың біліктілігін арттыру орталығы, 2 қариалар дайындау орталығы, 1 епархиялық жоғары діни семинариясы, 1 епархиялық рухани училищесі және 1 ислам дін мамандарын дайындайтын «Нұр» университеті бар. 36

Сондай-ақ ірі мешіттер жанынан ашылған курстар мен шіркеу жанынан ашылған жексенбілік мектептер өз қызметін атқаруда. [6]

2. 2011-2017 жылдар аралығында Қазақстандағы терроризм деңгейіне салыстырма анализ. Мемлекеттің дін саласындағы саясатының бірден-бір негізгі бағыты - елдегі діни алауыздық пен экстремистік қатерді болдырмау, оның алдын алу. Тәуелсіздік алған 1990-жылдардан бері қарай дін саласындағы мемлекеттік саясатқа қатысты жасалған шаралар өз нәтижесін беріп келеді. Десе де, мемлекетіміздегі зайырлылық қағидаттарын ғылыми негіздеу, дін атын жамылған экстремизмнің алдын алу оған заңдық тұрғыда тосқауыл қою, қоғамның ішкі тұтастығы мен тұрақтылығына іріткі салуға жол бермеу мәселелері әлі күнге өзекті.

Дүние жүзілік «Экономика және Бейбітшілік Институты» (Institute for Economics and Peace) Нью-Йорк, Гаага және Сиднейдегі кеңселері бар тәуелсіз үкіметтік емес және коммерциялық емес сараптамалық ұйым болып табылады. Ұйым 2000 жылдан бері терроризмге қарсы зерттеулер жүргізіп келеді.


Индекстен соңғы жылдарда жалпы әлемде террорлық әрекеттердің құрбандары кемігені байқалады. Аталмыш индекс әлемнің 134 мемлекетіндегі соңғы 10 жылды қамтиды. Соның арасында тек 31 елде ғана террористік шабуылдар мүлде болмаған. Зерттеу барысында келесідей негізгі көрсеткіштер сүйенген:

1. Террористік инциденттердің саны;
2. Қаза тапқандар саны;
3. Зардап шеккендер саны;
4. Материалдық зиянның деңгейі.

Дәл осы критерийлер бойынша Қазақстан:

2011 ж. – 50 орын;
2012 ж. – 47 орын;
2013 ж. – 64 орын;
2014 ж. – 65 орын;
2015 ж. – 82 орын;
2016 ж. – 51 орын;
2017 ж. – 67 орын.

Айта кететін жайт, осы индекс бойынша көш бастап тұрған мемлекеттер: Ирак, Пәкістан, Ауғанстан және Сирия. Қазақстан зерттеудің соңғы жылында терроризм қатері тізімінде Орталық Азия елдерін басып озып, 67-орынға тұрақтаған.[7]



1.

№ 3 Кесте «Терроризм деңгейі индексіндегі Қазақстан»

Қазіргі таңда республика көлемінде 400-ден аса миссионерлер заңды түрде жұмыс жасап жатыр. Сонымен қатар, мемлекеттік – конфессионалды салада қарым-қатынастардың жүйесін құруға қатысты мемлекет тарапынан бірталай шаралар іске асырылды:

-Құзырлық және жауапкершілік салалары өзара ажыратылды;

-Мемлекет қоғам және тұлға арасындағы рухани өмірдің монополисі болуын тоқтатып, діни ұйымдарын заңды тұлғалар ретінде құқықтары мойындалды. Осы арқылы, өзгеріске

түскен саяси өмір діни конфессияларды азаматтық қоғамның субъектілері деп қарастыруға мүмкіндік берді.

Қорытынды

Десек те, бүгінгі таңда Қазақстанда мемлекеттік-конфессияаралаық қарым-қатынастардың мәселелері толығымен шешілді деп кесіп айту мүмкіндігі тумай тұр. Діни ұйымдардың мемлекетпен қарым-қатынастарының демократиялық, құқықтық, әлеуметтік және зайырлы мемлекет нормаларының, соның ішінде сенім бостандығының тек индивидуалды емес, сонымен бірге институционалды негізде мойындау арқылы реформалау алдағы он жылдықтың еншісінде маңызды мемлекеттік функциялардың бірі болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Фрэнсис Фукуяма. – Тарихтың ақыры және соңғы адам. Мәскеу: Ермак, АСТ баспасы, 2015. – 359 б.
2. New Zealand officially on high terror alert, in wake of Christchurch terror attacks: жарияланған күні: 15.03.2019, <https://www.stuff.co.nz/national/politics/111320961/prime-minister-jacinda-ardern-says-christchurch-mosque-shootings-is-one-of-new-zealands-darkest-days>
3. «Қазақстандағы діни ахуал және жастардың діни сана-сезімін жандандыру үрдісі - Қазақстан жастарының арасында әлеуметтік зерттеу» тақырыбы бойынша сараптамалық есеп, жарияланған күні: 31.11.2014, <http://pps.kaznu.kz/2/Main/FileShow2/19523/34/1/4/0//>
4. А.П. Масалимова, Г.Чунгулова. - көпұлтты және көпконфессиялы қоғамда толеранттылық мәдениетін қалыптастыру. Вульфания журналы, № 11; 2013 қараша. – 370 б
5. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның кейбір баптарына шолу, жарияланған күні: 04.09.2013. http://old.baq.kz/kk/news/mangilik_el/dini-kizmet-zhane-dini-birlestikter-turali-zannin-keibir-baptarina-sholu-35134
6. Қазақстандағы діни бірлестіктер: Ақпараттық анықтама - Астана: ҚР ДСР ҒА, 2013. – 4 б
7. Экономика және бейбітшілік институты, ресми сайт: <http://economicsandpeace.org>